

"Айт-Отель" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамы тартқан мемлекет кепілдік берген қарыздардың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 20 тамыз N 927

Мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау және қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында "Айт-Отель" Қазақстан-түрік бірлескен кәсіпорны" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ) төмен төлем қабілеттілігін назарға ала отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамымен (бұдан әрі - Қазақстан Эксимбанкі) (келісім бойынша) және - "Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ-пен (келісім бойынша) бірлесіп келісімге қол қоюды қамтамасыз етсін, онда:

1) қаулының қосымшасына сәйкес Түркия кредит желісі шеңберінде тартылған мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша "Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ-тың шетелдік банкке ақы төлеуді жүргізу міндеттемесін;

2) мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді орындауға республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты "Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ-тың қайтару тәртібін, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік (мерзімдік және жылдық) нысандарын жүргізу жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес сыйақы есептеуді;

мемлекеттік кепілдік бойынша республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатқа 2000 жылдан бастап 2012 жылды қоса алғандағы кезең үшін есептелген сыйақыны негізгі борышқа 2013 жылы капиталдандыруды;

2000 жылдан бастап 2012 жылды қоса алғандағы кезең үшін есептелген сыйақыны қоса алғанда, 2013 жылдан бастап 2025 жылды қоса алғанда тең үлеспен мемлекет кепілдік берген қарыз бойынша оқшауландырылған қаражатты "Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ-тың республикалық бюджетке қайтаруын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мемлекет кепілдік берген қарыздың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты "Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ-тың қайтаруын қамтамасыз ету ретінде "Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ-тың бас құрылтайшысы - "Ahsell Insaat Taahhut ve Ticaret A.S." түрік фирмасының кепілдігін беруді;

"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ-тың республикалық бюджет алдындағы міндеттемелерін

орындауын қамтамасыз ету мақсатында тиісті кепілдік келісімін ресімдеуді;
қарыз алушы - "Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ-тың қаражаты есебінен Қазақстан
Эксімбанкіне агенттік сыйақы төлеуді көздерін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

ЕСКЕРТУ. мәтіндегі сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.12.25. N 1366 қаулысымен

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 20 тамыздағы

N 927 қаулысына

қосымша

**Түркия кредит желісі шеңберінде тартылған мемлекет кепілдік берген
қарыз бойынша "Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ шетелдік банкке төлемдері**

Қарыз алушы ұйым	валюта	сумма	күні	Төлем	Төлем	Төлем
Түркия несие желісі						
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.02	1 500 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.03	1 000 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.03	2 000 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.04	1 000 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.04	2 000 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.05	1 000 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.05	2 000 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.06	1 250 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.06	2 250 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.07	1 250 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.07	2 250 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.08	1 500 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.08	2 500 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.09	1 500 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.09	2 500 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.10	2 000 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.10	2 500 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.11	2 000 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.11	2 500 000, 00			
"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.06.12	2 000 000, 00			

"Айт-Отель" ҚТБК" ААҚ	USD	22.12.12	2 500 000, 00
Барлығы	USD		39 000 000, 00

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК